

## 2010 жылы Ақжайық ауданында он жеті жасқа толатын ер азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 18 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 31 желтоқсанда N 7-2-83 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі N 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы әкімінің 2010.04.02 N 6 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабын басшылыққа алып, **ШЕШІМ Е Т Е М І Н :**

1. "Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Ақжайық ауданында 2010 жылдың 1-ші қаңтардан наурыздың 31-і аралығында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын ер жынысты азаматтардың әскери есебін тіркеуін өткізу  
ұ с ы н ы л с ы н .

2. А з а м а т т а р д ы т і р к е у :

Алғабас, Ақсуат, Ақжол, Бударин, Есенсай, Жайық, Жамбыл, Жанабұлақ, Қабыршақты, Құрайлысай, Қарауылтөбе, Мерген, Чапаев ауылдық округтерінде тұратындар үшін Ақжайық ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде  
ұ й ы м д а с т ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

1) Базаршолан, Базартөбе, Алмалы, Тайпақ, Сарытоғай ауылдық округтерінде тұратындар үшін Тайпақ ауылы Ақжайық аудандық ауруханасында  
ұ й ы м д а с т ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

3. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының " Ақжайық аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директорына (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) азаматтарды медициналық тексеру алдында лабораториялық зерттеу мен талдаудан өткізуді қамтамасыз етуге;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу кезеңінде шақыру комиссиясының жолдамасымен келген шақырылушыларды стационарлық және амбулаториялық тексеруден өткізуді қамтамасыз етуге және осы мақсатта

хирургия, терапия, инфекция бөлімдерінен, сондай-ақ "Ақжайық ауданының туберкулез ауруханасы" мемлекеттік мекемесінен 3 төсекке дейін орын бөлуді, қосымша тексеру мен емдеу барысы туралы бөлімге уақтылы хабарлауы ұ с ы н ы л с ы н .

4. Ауыл әкімдеріне, мектеп және оқу орындарының басшыларына: тіркеуге жататын азаматтарды шақыру учаскесіне жергілікті әкімшілік өкілі немесе мектептің алғашқы әскери дайындық пәні ұйымдастырушыларының басшылығымен уақытылы келуін қамтамасыз етуі ұсынылсын.

5. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Ақжайық ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) әскерге шақыру пунктінде қоғамдық тәртіп сақтау мақсатында ішкі істер органы қызметкерлерінің күшейтілген кезекшілігін ұйымдастыру ұсынылсын.

1) Шақыру учаскесіне тіркелуден бас тартқан немесе келмей қалған азаматтарды іздеп, тауып, олардың бөлімге келуін ықпал етуі ұйымдастырылсын.

6. "Ақжайық ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) орта және толық емес орта білімі жоқ жасөспірімдерді анықтап, оларды кешкі–сырттай мектепке тарту шараларын ұйымдастыру ұсынылсын.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақжайық ауданы әкімінің орынбасары М. Д. Жұматоваға жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Иманғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы,

Б. Бердигалиев

7 желтоқсан 2009 жыл

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақжайық ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

М. Абдугажиев

7 желтоқсан 2009 жыл

КЕЛІСІЛДІ:

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ақжайық ауданыдық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры

-----М. Дусеев

7 желтоқсан 2009 жыл

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысының Ішкі  
істер департаменті Ақжайық ауданының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы, подполковник

-----Б. Зиналиев

7 желтоқсан 2009 жыл